

УДК: 37

*Карабаев А.Т., докторант
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдың басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Т.Жүргенов сынды қазақ зиялыларының бірнеше тобын мектеп ісін дұрыс жолға қою, бұқара халықты сауаттандыру, білім ошақтарын ашу, ұлттық педагог кадрларды дайындау секілді бірнеше елдік мәселелер күтіп тұрды. Елдегі діни мектептер, бірінші және екінші басқыш мектептері, орыс-тузем мектептері секілді бірнеше мектептердің халықты сауаттандырудағы қызметіне көңілі толмаған қазақ зиялылары мектеп жүйесін дұрыс ұйымдастыру мен дамытуды қолға алып, ұлттық мектеп қалыптастыруға белсене кірісті. Алдымен мектептің жүрегі саналатын педагог кадрларды дайындау керектігін қолға алып, бірнеше білім ордаларының ашылуына түрткі болды. Аталған іс-шараларды орындауға қазақ зиялыларымен қатар тілші-ғалым Қажым Басымов та белсене қатысып, дәуір жүгін көтеруде аянбай еңбек етті.

Ұсынылып отырған мақалада 20-30 жылдары ұлттық мектеп қалыптастыру, білім ошақтарын көбейту, педагог мамандардың дайындалуы секілді күрделі мәселелер жан-жақты қарастырылады.

***Тірек сөздер:** оқу-ағарту мәселесі, ұлттық мектеп, педагогикалық курстар, педагогикалық техникумдар мен училищелер, жоғары оқу орындары.*

*Карабаев А.Т., докторант
Республика Казахстан, г. Алматы*

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ШКОЛ И ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В 20-30 ГОДЫ XX ВЕКА

В начале XX века такие представители казахской интеллигенции, как А.Байтұрсунов, А.Бокейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, К.Жубанов, Е.Омаров и Т.Жүргенов разработали новую систему школьного образования для обучения населения грамотности. В эти годы были открыты новые учебные заведения для подготовки педагогических кадров. Существующие религиозные школы, школы первой и второй ступени, русско-туземные и другие школы не отвечали требованиям населения, поэтому казахская интеллигенция в первую очередь стремилась организовывать национальные школы. Известный ученый-языковед Кажым Басымов также принял активное участие в подготовке педагогических кадров для учебных заведений, в частности, им были открыты педагогические курсы.

В данной статье всесторонне исследуется проблема формирования национальных школ и подготовки кадров в 20-30 годы XX века.

***Ключевые слова:** вопросы просвещения, национальная школа, педагогические курсы, педагогические техникумы и училища, высшие учебные заведения.*

*Karabaev A.T., doctoral candidate
Republic of Kazakhstan, Almaty*

PROBLEMS OF FORMATION OF NATIONAL SCHOOLS AND PREPARATION OF PEDAGOGICAL PERSONNEL IN THE 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY

At the beginning of the 20th century, such representatives of the Kazakh intelligents as A. Baitursynov, A. Bokeihanov, M. Dulatov, J. Aymaytov, K. Zhubanov, E. Omarov and T. Zhurgenov developed a new school system for educating the literacy population. In these years new educational institutions were opened for the training of teachers.

Existing religious schools, schools of the first and second level, russian-native and other schools didn't meet the requirements of the population, therefore, the Kazakh intelligents primarily worked to organize national schools. The well-known linguist Kazhym Basymov also took an active part in the training of teachers for educational institutions, in particular, he opened teaching courses.

This article comprehensively explores the problem of the formation of national school and the training of teachers in the 20-30 years of the 20th century.

Keywords: *educational issues, national school, teachers training courses, teachers training schools and colleges, higher educational institutions.*

Тарихымызға көз салар болсақ, ХХ ғасырдың бастапқы 20-30 жылдары халқымыз үшін ұлттық ояну мен ойланудың, ұлттық маңызы бар мәселелерді жүзеге асырған, өзгеше бір серпіліс туғызған кезең болды деуге болады. Мектеп ісін дұрыс жолға қою, бұқара халықты сауаттандыру, халқымызды адамзат дамуының сара жолына қосып, ұлттың рухын асқақтатып, көзі ашық, көкірегі ояу, кешегісі мен бүгінгісін әрі ертеңін ажырата алатын күйге жеткізу үшін ұлттың ұйытқысы бола білген А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Т.Жүргенов, О.Жандосов сынды қазақ зиялылар шоғырын еліміздің елдігіне қатысты қыруар шаралар күтіп тұрды.

«Басқа халықтардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек» деп біртуар тұлға Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, басқа халықтармен тереземіз тең түсу үшін білімді һәм күшті болуымыз керектігінің бір шарты, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарудың, елін, жерін сүйетін ұлтжанды азамат қалыптастырудың кепілі – кенжелеу қалған **оқу мәселесі, оқу-ағарту** ісін қолға алып, дұрыс арнаға бұру, қордаланған түйінді мәселелерді шешу ұлттық интеллигенцияның басты көтерген мәселелерінің бірі болды.

«... Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...» деп тағы да Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдағандай, кез келген жанның әліпби танып, сауат ашуы, адамдармен қарым-қатынасы, дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру, білікті маман, ұлттық кадр, еліміздің ұлтжанды азамат болып қалыптасуына бірден-бір жәрдемші бола алатын **мектеп пен мұғалім** деп саналды.

Алайда, ХХ ғасырдың басында қазақ даласында қоғам қажетін өтеген мектептің жайы, оқыту ісі, мамандар мәселесі көңіл толарлықтай болмады. Бұған мектеп жүйесінің дұрыс құрылмауы, жергілікті ұлт өкілдері балаларының мектепке тегіс тартылмауы, сабақ беретін мамандардың жетіспеуі, қажетті оқулықтар мен оқу құралдарының болмауы, қажетті мамандар даярлайтын оқу орнының жоқтығы сияқты бірнеше факторлар себеп болды.

Мәселен, ХХ ғасырдың басында елімізде білім беретін мектептердің бірнеше түрі болды. Олардың халыққа тигізер пайдасы да, зияны да бар еді. Бұл жөнінде профессор Х.Табылдыев былай дейді:

«ХХ ғасыр басындағы Қазақстанда мектептердің төрт түрі бар болатын: 1. Діни оқу орындары (мектептер мен медреселер); 2. Жаңа әдістемелік мектептер (усули, қалил); 3. Орыс-түзем мектептері; 4. Орыс мектептері.

Діни мектепте баланың сауатын ашуға емес, Құранның қағидаларын жаттауға баса назар аударылды. Жаңа әдістемелік мектептер, орыс-түзем мектептері, орыс мектептері оқушы балаларға тәп-тәуір білім берді. Бұларда пән саны сан-алуан болумен қатар балалардың жас ерекшелігін ескеру, оқу үшін жатар орынды сайлау, оқу құралдарымен қамтамасыз ету тәрізді шаралар жүзеге асырылды. Бірақ та аталған оқу орындарының жүйесі мейлінше тар күйде қала берді. Көрнекті ғалым Т.Тәжібаевтың есептеуі бойынша, XX ғасыр қарсаңындағы Қазақстанда 0,5 млн-ға жуық баланың 29 мыңы ғана (7% жуық) мектеп табаладырығын аттау мүмкіндігіне ие бола алды» [1, 84-85 б].

Мұндай келеңсіз жағдайлар, яғни ескіше оқыту, білім алушылардың 7% пайызының ғана мектепке тартылуы, мектеп жүйесінің дұрыс құрылмауы сияқты мәселелерге ұлт зиялылары қатты алаңдаулы болды. Себебі, мектеп ұлттың жүрегі болғандықтан, оның тағдыры ел болуымыздың тағдырымен бірдей саналған еді. Мысалы, бұл жайында халық перзенті М.Жұмабаев өзінің «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» атты мақаласында «...қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебіміздің таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» [2, 313 б] десе, Т.Жүргенов «Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «дүмше молдалар» туралы» атты мақаласында «... мектептің дұрыс мектеп атағын алуына структураның жөнді болуы, оқу кітабының жақсы болуы, мұғалімдерінің сай болуы, керек болса, осының барылығы да оқу үшін, балаларды жақсылап оқытып, жақсы тәрбиелеу үшін керек...» деген еді [3, 65 б].

Уақыт өте келе алаш азаматтарының айтылған тілектері біртіндеп жүзеге асырыла бастады. Мәселен, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында мәдени-ағарту мекемелерін жандандыру ісінде біршама іс-шаралар атқарылды.

1917 жылы 15 желтоқсанда В.И.Ленин және халық ағарту комиссары А.В.Луначарский халық ағарту комиссариатының «Тәрбие және білім беру ісін діни мекемеден халық ағарту комиссариатының құзырына өткізу» үкіміне қол қойды. Осыған сәйкес, діни мекемелерге қараған миссионерлік мектептер және басқа да төменгі, орта және жоғары мектептер барлық дүние-мүлкімен Халық ағарту комиссариатының құзырына өтті. Тиісінше, осы мектептер базасында жедел түрде кеңестік жалпы білім беретін мектептер ұйымдастырылды [4, 76 б].

«Сондай-ақ 1917 жылдың 9 қарашасында Кеңес үкіметінің «Ағарту ісінің мемлекеттік комиссиясын құру» жөніндегі декреті дүниеге келіп, оны басқару ісі халық комиссары А.В.Луначарскийге жүктеледі. Үкімет атынан сөз сөйлеген халық комиссары Ресей халқына білім берудің жаңа жүйесін қолдауға шақыра отырып, мынадай мәселелерді қалың бұқараға жеткізеді:

1. «Қысқа мерзім ішінде мектептер желісін құру арқылы жалпы сауаттылыққа қол жеткізу.
2. Бүкіл елде міндетті және тегін білім беруді енгізу.
3. Мектеп мұғалімдерінің, соның ішінде ең алдымен бастауыш мектеп мұғалімдерінің материалдық жағдайын жасау.
4. Мектептердің мұғалімдерге деген толық сұранысын қанағаттандыратын педагогикалық оқу мекемелер желісін құру.
5. Халыққа білім беру ісіне бюджет.
6. Ересек халықтың сауатын ашатын мәдени-ағарту шараларын жүргізу.
7. Педагогтарды халық ағарту саласына қатысты барлық маңызды шараларды жасауға және талқылауға тарту» [4, 75-76 б].

Осы декретке орай, ағарту ісін дамыту, білім ордаларын аша отырып, педагогтерді даярлау сияқты іс-шараларды атқару ісі елімізде қолға алына бастады. Мұның дәлелі ретінде 20 жылдары ашылған бірінші басқыш мектептері, екінші басқыш мектептерінің қалыптасуы, техникум мен училищелердің, тіпті, жоғары оқу орындарының ашылуы сияқты іс-шаралар осының нәтижесі деуге болады. Бұл жөнінде Г.М.Храпченков пен В.Г.Храпченков сынды ғалымдарымыз ойымызды былайша сабақтайды:

«...сонымен, 20-жылдары Қазақстанда халық ағарту жүйесі мынадай түрде қызмет етті:

1. Бірінші басқыш мектептері (олардың түрлері: бастауыш, коммуналдық мектептер, шаруа жастарының мектебі (ШЖМ), фабрика-зауыт үйренушілері үшін) және т.б.
2. Жеті жылдық мектептер.
3. Екінші басқыш мектептері (жалпы, орташа: коммуналдық мектептер, ШЖМ, ФЗУ және т.б.).
4. Техникумдар (оқу мерзімі 3-4 жыл).
5. Жоғары оқу орындары...» [5, 105 б].

Халық ағарту жүйесіндегі мұндай мектептер ісі ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Т.Шонанов, Қ.Басымов, Ш.Сарыбаев, Е.Омаров, О.Жандосов, С.Асфендияров, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Меңдешев сияқты алаш азаматтарының ортақ мақсаты білім беру жүйесін жаңа деңгейге, сатыға көтеру үшін еңбектенуіне түрткі болды.

Бұдан әрі білім беретін мектептерді қайта құру, білімді демократияландыру мәселелері 1918 жылы 16 қазанда Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің «Еңбек мектебі туралы» Ережесімен бекітілді. «Кеңес үкіметі тарапынан қалың бұқараға қаулы-қарарлар, декреттер мен ережелер арқылы жеткен мұндай жаңалықтардың ішінде 1918 жылы 31 қазанда жарияланған «Аз ұлттардың мектептері туралы» қаулысы да болды. Халық Ағарту комиссариатының бұл қаулысында Ресей Социалистік Федеративтік Кеңестер Республикасын мекен ететін барлық ұлттар екі сатылы Жоғары және Біртұтас Еңбек мектебінде өз ана тілдерінде білім алу құқына ие екендігі, аз ұлттардың мектебі мемлекеттік болып табылатындығы және оларға «Біртұтас Еңбек мектебі» туралы Ереже толық қолданылатындығы әрі ұлттық мектептерді басқару Халық Ағарту комиссариатының облыстық және губерниялық халық ағарту бөлімдері арқылы жүзеге асатындығы ашық айтылған» [6, 144 б]. Осы қаулыға сәйкес еліміздің Орталық атқару комитеті 1918 жылдың тамызында мектептерде оқытуды ана тіліне көшіру туралы декрет жариялап, аталмыш декреттен кейін жергілікті халық өз балаларын ана тілінде оқытуға құлшыныс білдіріп, жаңадан қазақ мектептерін ашуға талпыныс жасайды. Ал Кеңес үкіметінің 1918 жылдың 23 қаңтарындағы «Шіркеуді мемлекеттен және мектептерді шіркеуден бөлу туралы» декретінен кейін мектептер еркін дами бастайды. Мұнан әрі «1920 жылдың 26 тамызында Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декретін жариялайды. Осыған сәйкес 1920 жылдың қазан айында өткен құрылтай съезде еліміз автономиялы республика болып құрылады. Осы съезде халық ағарту мәселелеріне үлкен мән беріліп, еңбекші қазақ халқына жан-жақты және тегін білім беруді іске асыру, халық арасында сауатсыздықты жою, жас ұрпақтың дене және рухани жағынан жан-жақты дамуына жағдайды қамтамасыз ету мәселелері қаралады» [7, 34 б].

1920 жылдың қазан айында Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитеті халыққа білім беру бөлімінің негізінде Қазақ КСР-нің Халық ағарту комиссариаты құрылады.

Комиссариаттың қызметі 1921 жылдың қаңтарынан басталды [8, 13-14 б]. Қазақ АКСР Халық Ағарту комиссариатына жүктелген міндеттердің бірі мектеп жүйесін ұйымдастыру мен дамыту еді. Алайда, комиссариаттың бұл ісі елімізде баяу өріс алды. Мектеп ашу, жергілікті ұлт өкілдерінің балаларын оқуға тарту, мектептерді ашып қана қоймай керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, мектептер үшін сауатты педагог маман даярлау, оларды оқыту, бұл мәселелерде кадрлардың жетіспеуі, оқу құралдарының тапшылығы сияқты көптеген қиыншылықтар кездесіп отырды. Бұл пікірімізді ғалым К.Құнантаева былай деп жалғастырады:

«Мектеп ашудың қиындығы оқулықтардың жоқтығына, оқу бағдарламаларына, мектеп ғимараттарына, мұғалімдердің аздығына, әсіресе, ұлттық педагогтік кадрлардың тапшылығына байланысты болды. Сауатсыздықты жою, бастауыш мектептерді ұйымдастыру, тырбиған бір жылдық және екі жылдық мектептерді төртсыныптыққа ауыстыру жөніндегі жұмыстар төтенше, күрделі жағдайда өріс алды» [8, 9 б]. Әйтсе де, мұндай қиыншылықтарға қарамастан мектептердің саны жыл сайын артып, білім алушылардың қатары жыл өткен сайын толығып отырған. Мысалы, «Қазақстанда 1914-1915 оқу жылдарында 2011 мектепте 105 мың оқушы болса, ал 1920-1921 жылдары 2410 бастауыш және орта мектепте 144002 оқушы болды» [46, 14 б].

Мектеп санының мұншалық артуы қоғамға педагог мамандарды көптеп қажет етті. Қоғамға кәсіби білікті маман жетіспеушілігі сезіле бастады. «Халық Ағарту комиссариаты республика мектептерін мұғалім кадрларымен қамтамасыз етуде әртүрлі шараларды қабылдады. Жергілікті жерлерде қысқа мерзімді, ал кейбір аудандарда біржылдық және үшжылдық қазақ мектептеріне мұғалім кадрларын даярлау және қайта даярлау курстары ашылды. Педагогикалық курстардың негізгі міндеті – қатардағы мұғалімнің саяси саналылығын арттыру, сауаттылығын дамыту және оларды бірыңғай еңбек мектебіне жұмысқа даярлау» болды [7, 44 б]. Осыған орай бірыңғай еңбек мектебіне дайындайтын педагогикалық курстар Қазақстанның түрлі қалаларында ашыла бастады. «1920 жылы Верный қаласында 150 адамға арналған қазақ педагогикалық курстері ашылды. 1919-1920 жылдарда Семейде қысқа мерзімді педагогикалық курс ашылды, онда 67 орыс мұғалімдері оқыды. Мұндай курстар Торғай, Ырғыз, Челқар, Темір, Орал қалаларында ашылды [9, 14 б]. Бұл курстар жайында М.Жұмабаев та «...Қала сайын дерлік курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқыны бар мұғалімдер шығарылды...» дейді [2, 314 б].

Алайда, педагогикалық курстардың ерекше атқарған жұмыстарына қарамастан, олар еңбек мектебінің маман мұғалімдерге деген күн артып өсіп келе жатқан қажетін өтей алмады. Мұндай заман талабын өтеу үшін педагогикалық курстардан да бөлек мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындарын ашу қажет болды. Осындай оқу орындарының бірі – педагогикалық техникумдар мен училищелер еді. Бұл ретте 1918 жылдың 20-тамызында Қазақстаннан тыс Ташкент қаласында бастауыш сыныптарға мұғалімдер дайындайтын педагогикалық училище ашылса, елімізде 1920 жылы 20 шілдеде Әулиеата қаласында педагогикалық училище, 1920 жылдың тамыз айында Семейде, 1922 жылы 14 мамырда Ақтөбе педагогикалық училищесі, 1922 жылы 18 тамызда Қарағанды педагогикалық училищесі және 1925 жылдың 4 тамызында Қызылорда педагогикалық училищелері ашылды [9, 17 б]. Бұл еліміз үшін қуантарлық жағдай болды. Ғалым Ж.К.Жаманбаевтың дерегі бойынша, 1924/25 оқу жылында республикамызда 1973 оқушысы бар 37 техникум болса, 1926/27 оқу жылында бұл көрсеткіш 2576 оқушысы бар 56 техникумға дейін өскен [10, 22 б]. Осы педагогикалық училищелердің ашылуына тілші-ғалым И.Ұйықбаевтың мәлімдеуінше, тілші-ғалым, қоғам қайраткері Қ.Басымовтың да үлесі зор болған. Мәселен, «1921 жылы 11 қыркүйекте Алматы қаласында педучилище ашылады. Бұл педучилище облыстық педагогикалық курстардың негізінде құрылады. Осы педучилищені ұйымдастырып, оны

басқару ісіне Қ.Басымов пен үзеңгілес әріптесі Ш.Сарыбаев белсене қатынасқан. Сондай-ақ 1922 жылдың қазан айында бұл училище Жетісудың облыстық педучилищесі аталып, осы жылдың 14 желтоқсанында ағарту институтына айналған. Бұл институттың да өркендеуіне Қ.Басымов пен Ш.Сарыбаев белсене араласқан» [11, 6 б].

Дегенмен, бұл педагогикалық орта оқу орындарының еліміз алдында тарихи еңбегі зор деп айту керек. Олар дайындап шығарған мамандар қоғам алдында түрлі саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани және ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуге өз үлестерін қосып, білім саласын дамытуға атсалысты. Халқымыздың білімі мен мәдениетін көтеруде еңбектене отырып, өздері де халық интеллигенциясын қалыптастырды.

Ендігі мәселе Қазақстандағы Халық Ағарту комиссариаты жауапты міндеттерінің біріне санайтын мұғалім кадрларын даярлау ісінде бұқара халық үшін жоғары оқу орнын ұйымдастыруды қолға ала бастауы еді. Бұл, әрине, зиялы қауымның, қалың елдің тілегі, уақыттың талабы болды. Бұдан әрі Кеңес үкіметі заман талабына сай міндеттерді шешу мақсатында жоғары оқу орындарын ашу мәселесін қарастырды.

Қазақстанда жоғары оқу орын ашу мәселесі ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап қолға алына бастайды. Әрине, жоғары оқу орнын ашу мәселесін бірінші болып көтерген де қазақ зиялылары болды. Ағарту институттары мұғалім кадрларын даярлау және қайта даярлауға үлкен мән берді. Институттың базалары түрлі ғимараттарда ұйымдастырылды. 1921 жылы Қазақстанда Орынбор ағарту институты, Шығыс халық ағарту институты (Татар халық ағарту институты), Қазақ халық ағарту институты және Семей халық ағарту институты сияқты төрт халық ағарту институты жұмыс істеді. Бұлардың ішінде Семей халық ағарту институтынан басқасы Қазақстанның бұрынғы астанасы болған Орынбор қаласында орналасты. Бұл білім ордалары жеті жылдық мектептерге, шаруа жастарының мектептеріне және техникумдарға мамандар дайындап шығарды. Сондай-ақ бұл институттардың кейбірінде жергілікті ұлттың жастарына арналған дайындық бөлімдері де болды.

20-жылдары ашылған ағарту институттарының қатарында Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып Ташкентте Түркістан мемлекеттік университеті ашылады. Бұл университеттің еліміз үшін және жалпы ұлттық интеллигенциямызды қалыптастыру үшін маңызы зор болды. Бұл пікірімізді ғалым Қ.Сейталиев былайша сабақтайды: «1920 жылы Ташкент қаласында Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып Түркістан мемлекеттік университеті ашылды. Ол кейінен 1923 жылы Орта Азия университетіне айналды. Университет еліміздің Шығысындағы ең ірі оқу орындарының бірі болды. 1924 жылы мұнда 2 мыңнан астам студент, 370 профессор мен оқытушылар болды» [7, 67 б]. Ұлттық интеллигенциямызды қалыптастыруда маңызы зор болған Ташкенттегі бұл университеттің бір түлегі Қ.Басымовтың да болғандығын айта кеткен жөн. Әдіскер-ғалым И.Ұйықбаев «Көрнекті педагог, профессор Х.А.Басымовтың өмірі мен қызметі» атты мақаласында Қажымның 1919-1921 жылдары Ташкенттегі қазақ университетінде оқығандығын мәлімдейді [12, 82 б].

Сонымен, түйіндей келе, ұлттық өркендеуімізге, білім мен ілімнің, ұлттық метебіміздің қалыптасуы мен дамуына куә болған өткен ғасырдың 20-30 жылдары асыл азаматтар ерен еңбектерімен, қажымас қайраттарымен еліне, жеріне, ұлтына деген терең сүйіспеншілігінің арқасында халқымыздың ұлттық мектебін қалыптастырды, еліміздің ертеңі үшін еңбек ететін ұлттық кадрлар даярлады, жаппай науқанға айналған сауатсыздықты жойды, түрлі ғылымның дамуына сара жол салып, тарихымыздың жарқын беттерінің айтулы тұлғаларына айналды, ұлт зиялылары ұлттық мектебімізді түзіп берді. Көрнекті ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның сөзімен айтсақ, «...сапалы білім берген қазақ мектептерінің арқасында қазақ ғылымы мен мәдениеті, ұлт өнері мен әдебиеті әлемге кең танылды. Ұлттың танымы мен талғамын, білімі мен білігін аңғартар тамаша тұлғалар

калыптасты. Алуан-алуан мамандар дайындайтын жоғары оқу орындары ашылып, ғылыми-зерттеу институттары қанат жайды. Қазақ мектебінен шыққан ұлдар мен қыздар Қазақстанды әлемге танытқан елшілік т.б. қызметтерді еркін меңгеріп, өз білімдерін дәлелдеді. Иә, бұл жағдайлар, сөз жоқ, қазақ мектебі мен оқу-ағарту ісінің өткен ғасырдағы тамаша жетістіктері» [13, 5 б].

Ел етегін жиып, ертеңін ойлауға көшкенде, мектебін бекем қылғанда жас ұстаз ретінде білім ошақтарында білім берген, елде сауаттандыру саясаты жүргізілгенде педагог ретінде ерінбей еңбектенген, қалың бұқараға еңбегін паш етіп, еліне елеулі болған **Қажым Басымов** заман талабын орындауға үлес қосқан ұлтжандыазаматтардың бірі болды, алаш азаматтарымен қоса заман, дәуір проблемасына елеулі еңбек сіңірді.

Әдебиеттер:

1. Табылдиев Х. XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі. //Ізденіс. - 1997. -№3. -83-88 бб.
2. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. -Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.
3. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. Алматы:Арыс, 2001. -276 бет + суретті жапсырма.
4. Мұратқазин М.М. 1917-1940 жылдар аралығындағы қазақ мектептерінің даму тарихы. //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. -2005. №1(7). -75-79 бб.
5. Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана: Уч. пособие. /Под общ. ред. Г.М.Храпченкова. -Алматы: Университет «Қайнар», 1998. -168 с.
6. Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР. (1917-1941 г.г.) /Отв. ред. Н.П.Кузин, М.Н.Колмакова, З.И.Равкин. -М: Педагогика, 1980. -456 с. (Акад. пед. наук СССР. НИИ общей педагогики).
7. Сейталиев Қ.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.). педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Атырау, 1997. -393 бет.
8. Құнантаева К. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990 ж.ж.). Оқу құралы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім беру академиясының баспа кабинеті. - Алматы, 1998. -138 бет.
9. Шимашева Р.С. Қазақстан Республикасында педагогикалық училищелердің пайда болуы, қалыптасу және даму тарихы (1920-1990 ж.ж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2002. -130 б.
10. Жаманбаев Ж.К. Высшая школа в Казахстане. Ист. опыт Коммунистической партии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 г.г.). -Алма-Ата: Казахстан, 1972. -184 стр.
11. Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші. Құраст. И.Қ.Ұйықбаев. -Алматы, 1961.
12. Ұйықбаев И. К. Көрнекті педагог, профессор Х.А.Басымовтың өмірі мен қызметі. //Халық мұғалімі. -1959. -№2. -81-84 бб.
13. Оразбаева Ф. Мектеп – ұлтты, ұлысты тәрбиелеудің кепілі. XX ғасырдағы қазақ мектебі қандай болды? //Ұлт тағылымы. -2001. -№3. -5-9 бб.